

« М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІ.- Б.262-265.

ӘОЖ 636.13

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ «АДАЙ-БЕКЕТ» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНДАҒЫ КӨШІМ ТҰҚЫМЫНЫҢ ТҰҚЫМШІЛІК ТИПТЕРІНІҢ ЭКСТЕРЬЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Есиркепов А.Е., а.ш.ғ.м., арнайы пән оқытушысы
Шығанақ Берсиев атындағы Ақтөбе жоғары
ауыл шаруашылығы колледжі*

Тұқымды одан әрі асылдандыру жұмысында асыл тұқымды мал зауыттары мен басқа да шаруашылықтардың жылқыларын тұқымшiлiк типтерге бөлу белгiлi бiр мәнге ие. Ол жаппай iрiктеу мен iрiктеудi жүргізудi едәуiр дәрежеде жеңiлдетедi, табындарды күтiп-бағуды және төлдердi өсiрудi жақсы ұйымдастыруға мүмкiндiк бередi [1]. Көшiм тұқымы жылқыларын одан әрi жетiлдiру мен өнiмдiлiк қасиеттерiн жақсарту бағытында, тiрiлей салмағы жоғары массивтi және негiзгi типтi жылқыларды көбейту бойынша селекциялық жұмыстар жүргiзiлдi [2]. Iрiктеудiң негiзгi мiндетi тұқымдардың өнiмдiк сапасын үздiксiз жақсарту болып табылады, ол мақсатты түрде қайта өндiру жолымен жүзеге асырылды. Шығу тегi бойынша ең үздiктердi өсiру және кеңiнен пайдалану, экстрерьер және айғырлар мен биелердiң ұрпақтарының сапасы және осы белгiлерi бойынша нашар ақауларды қатаң iрiктеу арқылы жүргiзiледi. Жүйелi түрде iрiктеу жолымен асыл тұқымды базалық шаруашылықтардың жылқыларына қажеттi сапаларды дамытып, жинақтайды [3]. Көшiм тұқымының жылқыларын шығу тегi мен типi бойынша базалық шаруашылықтарда iрiктеу бұрынғы және қазiргi заманғы тұқым құрамының генеалогиясын, оның дамуына үлкен ықпал еткен көрнектi айғырлар мен биелердiң генотиптiк және фенотиптiк ерекшелiктерiн терең бiлуiне негiзделген[4].

Көшiм жылқыларын iрiктеудiң басты мiндетi-олардың таза қандылығын, тұрпаттылығын және жоғары асыл тұқымды өнiмдi қасиеттерiн сақтау болып табылады. Сондықтан Көшiм жылқыларының асыл тұқымдылығымен типiн сақтау үшiн негiзгi шаруашылықтардың құрамына асыл тұқымды және селекциялық топқа тән таза тұқымды айғырлар мен биелер ғана iрiктеледi [5]. Табындық жылқы шаруашылығында iрiктеудiң өзiндiк ерекшелiктерi бар. Мысалы, жұптап iрiктеу кезiнде жыл бойы жайылымдық күтiп-бағу жағдайларына бейiмделуi, шығу тегi мен типi, сырт пiшiнi, өнiмдiлiгi ерекше маңызға ие[6]. Көшiм жылқыларын жетiлдiрудiң негiзгi әдiсi таза тұқым өсiру болып табылады.

Сонымен қатар, тұқымның конституциясы мен өнiмдiлiгiнiң кейбiр ерекшелiктерiне ие сапалы әр түрлi типтерге бөлуi облыстың климаттық

және шаруашылық жағдайлары бойынша әртүрлі аймақтарында тұқымдарды пайдалану мүмкіндігін кеңейтеді[7]. Көшім тұқымы типтерінің шаруашылыққа пайдалы қасиеттерін жақсарту және бекіту мақсатында (массивті, негізгі, міністі) олардың әрқайсысына біртекті іріктеу қолданылады[8].

Мәліметтер мен зерттеу әдістері

«Адай-Бекет» шаруа қожалығында жылқылар негізінен бірыңғай болып келеді. Алайда, жануарлардың жекелеген топтарының дене бітімінде, олардың өлшемдерінің шамасында, жайылымдық күтіп-бағу жағдайларына бейімделуде кейбір айырмашылықтар бар, нәтижесінде тұқымда үш тұқымішілік тип көрсетіледі: массивті, негізгі, міністі.

2019 жылғы бонитировкалық есеп бойынша шаруа қожалығындағы үш тұқымішілік типтен бес бас айғыр, бес бас бие зерттеу нысанына алынған болатын. Экстерьерлік ерекшеліктері негізгі көрсеткіштер (шоқтығының биіктігі, тұрқының қиғаш ұзындығы, кеуде орамы, жіліншік орамы және тірілей салмағы) бойынша бағаланды.

Зерттеу нәтижелері.

Зерттеу нәтижесі 1- кестеде көрсетілген.

Кесте-1

| Орташа дене көрсеткіштері | Бірлік | Тұқымішілік типтер; N=5 | | | | | |
|---------------------------|--------|-------------------------|------------|------------|------------|-----------|------------|
| | | Массивті | | Негізгі | | Міністі | |
| | | Айғыр | Бие | Айғыр | Бие | Айғыр | Бие |
| Шоқтық биіктігі | см | 159,8±0,45 | 154,7±0,79 | 160,2±1,17 | 155,9±1,52 | 158,8±0,9 | 157,1±1,18 |
| Тұрқының қиғаш ұзындығы | см | 164,4±0,56 | 158,5±0,96 | 164,0±1,64 | 158,1±0,87 | 159,1±0,8 | 157,7±1,24 |
| Кеуде орамы | см | 198,5±2,24 | 190,2±2,18 | 190,1±3,22 | 187,1±2,15 | 188,3±2,1 | 184,0±3,65 |
| Жіліншік орамы | см | 22,0±0,17 | 20,3±0,21 | 21,4±0,16 | 20,1±0,29 | 20,1±0,2 | 19,9±0,54 |
| Тірілей салмақ | кг | 591,9±4,84 | 539,1±5,56 | 553,3±5,13 | 524,7±3,14 | 509,9±3,1 | 510,3±4,17 |
| Қалыптау индексі | % | 102,8 | 102,4 | 102,3 | 101,1 | 100 | 100,3 |
| Сүйектілік | % | 13,7 | 13,1 | 13,3 | 12,9 | 12,6 | 117,1 |
| Орамдылық | % | 124,2 | 122,9 | 118,6 | 120 | 118,9 | 12,6 |
| Салмақт | % | 120,7 | 120 | 115 | 118,3 | 118,2 | 117,1 |

| | | | | | | | |
|----|--|--|--|--|--|--|--|
| ЫҚ | | | | | | | |
|----|--|--|--|--|--|--|--|

1- кестеде көрсетілгендей массивті тип жылқылары жоғары салмақты болып келеді, дене бітімі шымыр, ірілеу үлкен болады. Бұл тұқымішілік типі көбінесе етті бағыттағы көшім жылқыларын өсіруде қолданылады. Массивті тип айғырларының орташа дене көрсеткіштері: шоқтығының биіктігі - $159,8 \pm 0,45$ см, кеуде орамы - $198,5 \pm 2,24$ см, тұрқының қиғаш ұзындығы - $164,4 \pm 0,56$ см, жіліншік орамы - $22,0 \pm 0,17$ см, тірілей салмағы - $591,9 \pm 4,84$ кг, ал билерінінің орташа дене көрсеткіштері: шоқтығының биіктігі - $154,7 \pm 0,79$ см, кеуде орамы - $190,2 \pm 2,18$ см, тұрқының қиғаш ұзындығы - $158,5 \pm 0,96$ см, жіліншік орамы - $20,3 \pm 0,21$ см, тірілей салмағы - $539,1 \pm 5,56$ кг. Массивті тип жылқылары бойларына сәйкес ұзын денеге, терең кеуде қуысына және жоғары тірілей салмаққа ие. Олар өте тығыз, ірі конституциямен, айқындалған бұлшықеттерімен және дала мен шөлейт климатында табынды күтіп-бағу жағдайларына ерекше бейімделген.

Негізгі тип ауыл шаруашылық жұмыстарында пайдалануға тиімді, сонымен қатар бұл тип сүтті болып келеді. Негізгі тип айғырларының орташа дене көрсеткіштері: шоқтығының биіктігі - $160,2 \pm 1,17$ см, кеуде орамы - $190,1 \pm 3,22$ см, тұрқының қиғаш ұзындығы - $164,0 \pm 1,64$, жіліншік орамы - $21,4 \pm 0,16$, тірілей салмағы - $553,3 \pm 5,13$ кг, ал билерінінің орташа дене көрсеткіштері: шоқтығының биіктігі - $155,9 \pm 1,52$ см, кеуде орамы - $187,1 \pm 2,15$ см, тұрқының қиғаш ұзындығы - $158,1 \pm 0,87$ см, жіліншік орамы - $20,1 \pm 0,29$ см, тірілей салмағы - $524,7 \pm 3,14$ кг. Зерттеу нәтижесінен байқағанымыздай негізгі типпен массивті тип жылқыларынан айтарлықтай дене өлшем көрсеткіштері байқалмайды. Негізгі тип қазақ жылқыларының тұқымына тән жыл бойы жайылымдық-тебіндік күтіп-бағуға өте жақсы бейімделген. Негізгі типтегі жылқылардың ет-сүт өнімділігі зерттеу нәтижесінде жақсы көрсеткішке ие болды.

Ал міністі тип жылқыларының дене бітімі нәзіктеу келген, айғырларының орташа дене көрсеткіштері: шоқтығының биіктігі - $158,8 \pm 0,9$ см, кеуде орамы - $188,3 \pm 2,1$ см, тұрқының қиғаш ұзындығы - $159,1 \pm 0,8$ см, жіліншік орамы - $22,0 \pm 0,17$ см, тірілей салмағы - $509,9 \pm 3,1$ кг, билерінінің орташа дене көрсеткіштері: шоқтығының биіктігі - $157,1 \pm 1,18$ см, кеуде орамы - $184,0 \pm 3,65$ см, тұрқының қиғаш ұзындығы - $157,7 \pm 1,24$ см, жіліншік орамы - $19,9 \pm 0,54$ см, тірілей салмағы - $510,3 \pm 4,17$ кг. Бұл типтегі жылқыларды негізгі және массивті типтегі жылқылармен салыстырғанда денесі жағынан біршама жеңілірек, тірілей салмағы төмендеу. Зерттеу нәтижесін қорытындылай келе мынандай шешімге келуге болады: оларда тұқым шығарушы таза қанды міністі және дон жылқыларының белгілері басым көрсеткіште байқалады, табынды күтіп-бағу жағдайларына ыңғайлылығы бойынша алдыңғы екі типтен төмен болады.

Қорытынды

Қазіргі уақытта көшім тұқымы жылқыларын өнімділік бағытта жетілдіруге байланысты маңыздысы массивті және негізгі типтер болып табылады. Сондықтан шаруашылықтағы көшім жылқыларының

конституционалды-өнімді белгілерін одан әрі біріктіруге қажетті түрдегі жануарларды іріктеу қажет. Сонымен қатар, өсіп келе жатқан нарықтың талаптарына сай болу үшін көшім тұқымы жылқыларының дене өлшемдерін, массивтілігін арттыру, экстерьерді жақсарту, жергілікті қазақ жылқыларымен будандастырған кезде оны қамтамасыз ететін асыл тұқымды және өнімді сапаларды арттыру, жоғары өнімді жылқыларды алу және табынды күтіп-бағуда климаттың қатаң жағдайларына бейімдеу бағытында үнемі жетілдірілуі тиіс. Осыған байланысты жыл бойы жайылымда күтіп-бағу жағдайында көшім тұқымы жылқыларының асыл тұқымдық және өнімділік сапасын одан әрі жетілдіру бойынша селекция әдістерін дайындау ерекше мәнге ие.

Әдебиеттер тізімі:

1 Рзабаев С. Рекомендации по развитию продуктивного табунного коневодства Актюбинской области [Текст] / Рзабаев Т.С., Рзабаев К.С. – Брошюра - Изд. ТОО ИПЦ «Кокжиек».- Ақтобе.-2016.-30 с.

2 Джубаев С.Ш., Рекомендации по развитию молочного коневодства и кумысопроизводства в условиях Уральской области. [Текст] / Зейнуллин А.С., Айталиев Е.С., Абдушев С.Е., Базаргалиев Н.А., Ескендиоров Т.К. - Чапаев, 1991.- 40с.

3 Рзабаев Т.С. Кушумская порода лошадей (Актюбинская популяция) Монография [Текст] / Изд. ТОО ИПЦ «Кокжиек», -2011 г.-153 с.

4 Нечаев И.Н., Методы совершенствования племенных и продуктивных качеств лошадей кушумской породы [Текст] / Нечаев И.Н., Степачев В.В. Тезисы докл. Межд. Конф. по коневодству.-Уральск, 1993.- С. 1-4.

5 Барминцев Ю.Н. Принципы селекционной работы в мясном и молочном коневодстве [Текст] // Тезисы докл. Межд. Конф. по коневодству.-Уральск, 1993.- С.6-13

6 Кикебаев Н.А. Коневодство Казахстана в новых экономических условиях [Текст] / Тезисы Межд. Конф. по коневодству.-Уральск, 1993.- С. 22-28.

7 Хафизов А.Г. Сертификационная и экологическая оценка продуктов коневодства [Текст] / Хафизов А.Г., Миндалиева А.Х., Киянский В.В. - Тезисы докл. Межд. Конф. по коневодству.-Уральск, -1993,- С.28-30.

8 «Ғылым және білім» ғылыми-практикалық журналы. ISSN 2305-9397